

Дипломмен бірге қандай қасиеттерді алғым келеді

Менің түсінігімше тәрбиеші деген балаларға қамқор боп жүретін, тәрбие мен өнерді үйретуші, үйлестіруші жан. Өйткені тәрбиеші балалардың ортасында жүріп, олардың қоғамдық жұмыстарға араласуына, жан-жақты болып өсуіне бірден-бір септігін тигізеді. Тәрбиеші ақылына көркі сай, тапқыр, шешен, өз ісінің жақсы маманы әділ, мейірімді болуы керек. Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін әрине, алдымен тәрбиешінің өзінің жеке басы соған сай болуы тиіс.

Шынын айтқанда тәрбиеші өз мамандығын сүйетін, оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер: қарапайымдылық, мейірімділікті, әділдік т.б. табылуы тиіс. Бүгінгі таңда мұғалім болу, тәрбиеші болу оңай жұмыс емес. Қиыны мен қызығы, талабы мен жемісі қатар жүретін өз мамандығымды қатты жақсы көремін. Өйткені бұл мамандық-менің жүрек қалауым. Қазіргі кезде диплом үшін оқып жүргендер қаншама ол уақыттың бос өткенмен тең. Мен тек диплом үшін емес осы мамандықты жақсы игеріп елімізге пайдасы тиетін маман болуымыз керек. Мен өзім болашақ тәрбиеші ретінде келешекте дипломмен бірге өз білімді, басқа елдермен білім алмастырып, білімді жоғарлатқым келеді. Тек диплом алдым болды деп емес жеке тұлға ретінде қазақстан еліне үлесімді қосқым келеді. Сондықтан болашақ жастарға сапалы беру, елдің ертеңгі жастарына тәрбие беру біздің мойнымыздағы парызымыз. Қазіргі заман тәрбиеші-заман талабына сай, жан-жақты білімі мен тәрбиені ұштастыра білген, жаңа технологиялармен қаруланған бала жанының бағбаны!!!